



2024 жылға Мұнайлы ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 15/89 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 сәуірде № 4709-12 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген), Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024 жылға Мұнайлы ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Билялов